

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

20.01.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD, аға оқытушы А.Ш.Ермекбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. З.Сахитжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – ф.ғ.к. Н.Д.Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD С.Б.Утебеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Е.Нұрмагомбетова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі -, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі -, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі -, АК мүшесі білімгерлер өкілі – , АК мүшесі, академиялық персонал – Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Д.Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – С.А.Қонысова, АК мүшесі.

Күн тәртібі:

1. Жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жаңартылған ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну
3. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу
4. Қаңтар айында атқарылған іс- шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Ермекбаева А.Ш. сөз алды. Қайырлы күн, АК мүшелері. Бүгінгі жоспар бойынша, жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, жаңартылған және жаңартылған ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну, ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу және қаңтар айында атқарылған іс- шаралар нәтижесін талдау. Бүгінгі отырыс ашық, аталған мәселелерді талқыласақ.

Бірінші мәселе бойынша, тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша АК мүшесі, академиялық персонал – PhD К.Семиз сөз алды. 2023-2024 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларын бекіту қажеттілігі туындап отыр. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының талқылауынан өткен ұсыныстарына кезек берсек. 6B02333 Шетел филологиясы: түрік тіл білім беру бағдарламасы бойынша жаңартылған БББ ішкі сараптамадан өткізілді. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі басшысы Шахабаев мырзаның тексеріп, кей бір қателіктерді көрсетті. Бұл кемшіліктер толықтырылып сыртқы сараптамадан өткізу мақсатында Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Түркология кафедрасының ф.ғ.к., доценті Мұсабекова Ұрзада ханымға жіберілді. Сараптама нәтижесі бойынша БББ гуманитарлық ғылымдардың жалпы кәсіби білімі, түрік тілінің практикалық және теориялық білімі, қажетті құзыреттіліктерді жетік меңгеру және жеке қасиеттерді дамыту, әртүрлі салаларда филолог қызметіне даярлайтын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Филология факультеті,

Түрік филологиясы кафедрасының 6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасы талап деңгейінде әзірленген бағдарлама деп табылды.

6B02333 Шетел филологиясы: түрік тілі білім беру бағдарламасының паспорты дайындалды және ЕСУВО ББ тізілімдемесіне енгізіліп ұсынылды.

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Туркология кафедрасы, ф.ғ.к., доцент Мұсабекова Ұрзада Әбілқасымқызы сөз алды: «B023 Тілдер және әдебиет» бағыты («6B02333 - Шетел филологиясы: түрік тілі») бойынша білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы: білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, шарттары мен технологияларын, осы дайындық бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейтін және білім алушылардың дайындық сапасы мен тиісті білім беру технологиясын іске асыруды айқындайды деген пікірдемін.

АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Қ.Мейірбеков. 6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша Х. Қылауыз Түркістан қаласы, «Turkistan International Airport» бас директордың орынбасары болып бекітілді. 6B02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламасы бойынша бекітілген сыртқы эксперттер: "Тілдерді оқыту және дамыту орталығы" КММ басшысы - Таштеев Султанхан Батырханович және Turkistan Media Holding ЖШС директоры - Ағыбаев Жанахмет Жанибекович. Біздің кафедраға қарасты екі мамандық бойынша 6B02335- Аударма ісі: ағылшын тілі және 6B02332- Шетел филологиясы: ағылшын тілі білім беру бағдарламалары ішкі сараптамадан толық өтіп, сыртқы сарапшылардан келген ескертулер мен ұсыныстар бойынша түзетулер жүргізілу процесінде. Сонымен қатар, жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша бірқатар жаңа пәндер енгізілді. Жаңартылған ББ паспорты дайындалды, ББ тізілімдемесіне ұсынуға жібереміз.

«Turkistan Media Holding» ЖШС директоры Ағыбаев Жанахмет:

Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы саладағы түлектердің дайындық сапасын бағалауды реттейді және білім алушыларға арналған оқыту сапасын қамтамасыз ететін материалдарды және тиісті білім беру технологияларын енгізуді қамтиды.

Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі заманда жұмыс жасау және лайықты өмір сүру болып табылады. Осыған сәйкес, әртүрлі ғылыми тұжырымдамаларды талдай, бағалай және қорытындылай білу, әртүрлі ақпараттар көзінен ақпараттарды талдай және өңдей білу, жаңа және күрделі идеяларды сыни талдай және бағалай білу талаптары білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асырылатынына сенімдімін.

АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К.Суинжанова өзіне қарасты 6B02336- Филология: қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткенін, жаңартылған ББ паспортын әзірлеу барысында екенін айтып өтті. ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстары кафедра ішінде талқылаудан өткенін мәлімдеді.

Түркістан қаласы Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәкен Абжаппар:

6B02336-Филология: қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы білім алушыларды даярлаудағы ұстанымдары студенттердің академиялық икемділігіне қол жеткізуге және олардың еңбек нарығына еркін бейімделуге бағытталған білім беру мен ғылымның негізгі ұстанымдарымен сай құрылған. Халықаралық сұранысқа ие мамандар дайындау мақсатында 6B02336-Филология: қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының 2022-2023 оқу жылына арналған негізгі оқу жоспарына мына пәнді енгізуіңізді ұсынамын:

1. Тілді оқыту мотивациясы

- Шешім:** 1. Жаңартылған БББ паспорты әзірленіп, ББ тізілімдемесіне ұсынылсын.
2. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленсін.
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



А.Ш.Ермекбаева

С.А.Қонысова